

«топырақ» дейді. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында әулие – даңғыл жол, өйткені ол – халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға жөн сілтейтін, Алла рақметінің қоғамдағы көрінісі болып табылатын дана тұлға.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырып салмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды [3, 252 б.].

Оның жолын ұстанған шәкірттері мен сопылықты уағыздаушылар түркістандық ғұламаны күллі әлемге танытты. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті.

«Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Ясауи Әзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырды. Бұл жайында жергілікті халықта мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр еніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстанбаба мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен» [4, 186 б.].

Қожа Ахмет Ясауиге тәу етушілер алдымен Арыстанбабтың басына барып түнейді. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы тамыздың 28-інде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Мазарда отызға жуық мешіт, кітапхана, залдар бар.

Қожа Ахмет Ясауи – XII ғасырда өмір сүрген философ, ғұлама ойшыл, ақын, мейрімге, кішіпейілділікке уағыздаушы діндар бүгінде халқымыздың қасиетті әулиесіне айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ясауи Қ.А. Диуани хикмет. Даналық кітабы. – Шымкент «Ғасыр-Ш», 2001.– 260 б.
2. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет //Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 4: Ислам философиясы. – 155-181 бб.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.
4. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.

Қазақтың біртуар азаматы – Смағұл Сәдуақасов

Бадымова Ж.Ж.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Каконова М.М.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Қазақ мемлекетінің қалыптасуына елеулі үлес қосқандардың бірі – Ақмола облысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы) Шарлақ уезі Жарқын ауылының тумасы Смағұл Сәдуақасов болды.

Смағұлдың әкесі молла болған, ол оған грамота үйреткен, кейін Полтавка ауылындағы екі сыныптық бастауыш орыс мектебін бітіргеннен кейін ұлын Омбыға апарып, 1915 жылы жас жігіт ауыл шаруашылығы училищесін бітірген. Мұнда ол Мағжан Жұмабаевпен, Сәкен Сейфуллинмен, Қошмұхамед Кемеңгеровпен танысады.

XX ғасырдың басында Омбы қаласы Ресей империясының шығысындағы саяси экономикалық, әрі мәдени ірі орталыққа айналған-ды. Ғасырдың басындағы империяны сілкінткен замананың құйын желінің саяси дауылына Омбыдағы қазақ жастарының да екпіні қосылды. 1914 жылы олар «Бірлік» атты қоғам құрды. Олардың қатарында қазақ мәдениетінің болашақ көрнекті өкілдері Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Қошмұхамед Кемеңгеров, Мұхтар Саматовтар болды [1, 303 б.].

1917 жылы «Бірлік» қоғамы толығымен «Алаш» партиясының түпкілікті мақсат ойын қабылдады. С.Сәдуақасовтың дүние танымдық көзқарасы күрт өзгеріп, ол маркстік партияның мүшесі атанды.

Бұл жерде ерекше атап айтатын жәйт, С.Сәдуақасов басшы партияның қатарына өткенімен, бірақ өмірінің соңына дейін демократтық көзқараста қалды. Ол тап күресінің жолында емес, жалпы ұлттық асыл мұрат пен азаматтық келісім ізгілігіне бар ғұмырын арнады.

1924-1927 жылдарда ол маңызды мемлекеттік қызметтерді атқарды. Атап айтқанда, оқу-ағарту халық комиссары, Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің бас редакторы болды. Дәл осы кезеңдерде саяси және мемлекеттік істерде зор белсенділігін көрсетті.

Смағұл Сәдуақасовтың социалистік құрылыс жөніндегі көп мәселелерде өзіндік озық көзқарасы болды. Ол Ф.И.Голощекин және басқа да республика басшыларының ой-пікірлерімен келіспейтінін ашық білдірді.

Мәселен, байлардың жеке мал-мүлкін талауға сап тәркілеп, кешпелі шаруашылықты жедел түрде әрі жаппай отырықшылыққа айналдыруға үзілді-кесілді қарсы шықты.

Смағұл Сәдуақасовтың өр кеуделі күрескерлігі кеңес басшыларының да қытығына тиді. Ол «Кеңес үкіметі мемлекеттік аппаратты және өндірісті басқаруға тұрғын халықтың өкілдерін қатыстырмай патшалық отарлау сая-сатын жалғастырып қитұрқылық жасап отыр» деді [2, 134 б.].

Сондай-ақ, Орталық басшылық біздің өлкеміздегі өзіміз дайындап шығаратын өнеркәсіп кәсіпорындары мен түрлі құрылыс орындарын одақтық шикізат базасына айналдыруға болмайтынын ескертті. Смағұл Сәдуақасовтың көрегендігі де сол, Қазақстанның шикізаттарын өзіне жақын жерде өндіріп, дайындауды ұсынды. Оларды қайтадан шығынданып, көлікпен тасымалдап әуре болмау жөнінде жан-жақты ойлау керектігін қатаң ескертті.

Сонымен қатар, Смағұл Сәдуақасов қазақ халқының тарихында аса көрнекті жазушы, әдебиет және театр сыншысы ретінде де өшпес із қалдырған.

Оның «Жастармен әңгіме» (Орынбор, 1925 ж.), «Ұлт театры туралы» (Қызылорда, 1926 ж.), «Қазақстандағы халық ағарту мәселелері» (Қызылорда, 1927 ж.) деген үлкенді-кішілі кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ Қазақстандағы ұл-азаттық көтеріліс пен Қазан төңкерісінен кейінгі ел өмірін арқау еткен «Сәрсенбек» атты романы да бар. «Салмақбай, Сағындық» (1923 ж.), «Күміс қоңырау» (1927 ж.) повестері қазақ әдебиетіндегі проза жанрын дамытуға қосылған үлес болып табылады.

С.Сәдуақасов шығармашылық қызметін, мемлекеттік қызметпен қоса атқаруда зор үлгі көрсете білді. Ол мемлекеттік биліктің түрлі қызметтерінде болуына қарамастан «Еңбекшіл қазақ», «Кедей сөзі», «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналының шығуында жауапты қызметтер атқарды.

С.Сәдуақасов қандай мемлекеттік қызметте жүргеніне қарамастан басты мақсаты – қарапайым халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту болды. Егер әділетсіздік көрсе, шындықты айта білетін азамат болатын. Ол өзінің «О национальностях и националах» атты мақаласында Кеңестік жүйенің, оның ішінде сол кезде Қазақстанды басқарып отырған

Ф.Голощекиннің жүргізіп отырған теріс саясаттарын ашық түрде әшкерлейді. С.Садуақасовтың ойынша, Кеңес одағына кіретін барлық республикалар теңдей дәрежеде даму керек. Орта Азия республикаларының бұрынғы империялық дәуірдегідей шикізат аймағы болып қала берсе, онда жаңа жүйенің сол кездегі биліктен айырмашылығы жоқ екенін ашық айтты. Ф.Голощекиннің республикадағы негізсіз, әрі әділетсіз саясатына қарсы шықты. 1937 жылы жазықсыздан жазықсыз репрессияға ұшыраған қоғам қайраткерлері қаншама, оның бірі өз ұлтының ұлы перзенті С.Садуақасұлы еді.

Смағұл Садуақасов Қазақстанның қиын-қыстау, тағдыры дүрбелең кезеңде өмір сүрді. Ол жастайынан елінің, жұртының мұң-мұқтажын, қажеттерін білдіруде көп еңбек еткен азамат. Оның Кеңестік империяның кеселді саясатына ашық қарсы шығуы, Түркістан АССР-і таратылған тұста қазақ жерлерінің Қазақстанға қайта қосылуында, 30 жылдардағы ашаршылық тұсында еліне адал қызмет еткен бір туар, қаймықпас азамат. Оның қолынан көптеген шығармалары, туындылары мен ғылыми мақалалары жарияланды. Еңбектерінің негізгі мақсаты – әділдік, теңдік, ұлтжандылық сезімді күшейтуге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- [1] Қазақ халық әдебиеті (көп томдық). III том – Алматы: Жазушы, 1937. – 303 б.
[2] А.Асқаров. Ұлы тұранның ұлдары. Алматы: Атамұра, 1999. –134 б.

Еліне аты шыққан Ерден батыр

Бексұлтанқызы Т.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

*Атасы Алаш білген Ерден батыр
Ту ұстап, тұлпар мінген тігіп шатыр.
Мәжһүр-Жүсіп Көпеев*

Бүгінгі сөз болғалы отырған батырларымыздың бірі, Төлек батырдың немересі, Сандыбайдың бел баласы – Ерден батыр. Ол Ұлытау өңіріндегі халықтың басын қосып, іргелі ел жасаған.

Ерден Сандыбайұлы 1808 – 1862 жылдар аралығында ғұмыр кешкен қазақтың әрі батыры, биі, аға сұлтаны. Қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау маңы, бұрынғы Атбасар өңірінде дүниеге келген. Ерден би Бағаналы руының Жырық атасынан. Әкесі Сандыбай да кезінде ел қорғаған батыр болған. Сандыбайдың Аппақ деген бәйбішесінен Дүзен, Кеңесбай, Шүрте ұрпақтары тараса, ал Туғанай атты тоқалынан Ерден, Берден, Байұлы, Кеңпейіл аталары тарайды [1, 2 б.]

Ерден Сандыбайұлы өмір сүрген кезең оңай болмаған. Қазақ сахарасының ру-руға жіктелген, қонысы белгіленген, әсіресе, Ресейдің бодандық зұлым саясатының кемеліне келген шағы болатын. Бұл қазақ елі мен жерінің дуандарға, губерниялық аймақтарға бөлініп, патша шенеуліктері тежеусіз үстемдік еткен кезі. Бір жағынан бұл – қазақтың беделді ел басқарушыларын біріне – бірін айдап салып, іштей алауыздық отын тұтатып қойып, ішкі Ресейден қарашекпенділердің қазақ сахарасына көшіп, шұрайлы жерді тартып алып, ежелден аңқаулығы басым халықты рухани таламайға салып жатқан қиямет жылдар болатын[2, 3 б.].

Патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ сахарасын жайлау, құлдықтың құрығы Ұлытауға да келіп жеткен еді. Ел ішін халық наразылығы жайлап, ел толқу үстінде болатын. Тап сол 1836 жылы Абылай ханның немересі, қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы ауыл-аймағымен Ұлытау-Кішітау баурайына көшіп келді. Қасиетті Ұлытау Кенесарының қабырғасы берік қамалына айналды. Осы өңірде он жылға созылған патша үкіметіне қарсы ең ауқымды ұлт-азаттық күрестің туы көтерілді. Осыған байланысты генерал-лейтенант князь Горчаков (1836-1851 жылдар аралығында Омбы губернаторы болған) Ұлытау мен